

Балдан БҰЛАҚ АҚҚАН күн

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал Көкпекті ауданының Үлкен Бөкен ауылынан келген омарташылар бал өндіру аса қиын болмағанымен салық төлемдері кәсіпті дамытуға көп кедергі келтіріп отырғанын, осы орайда ара өсірушілерге бастапқы екі-үш жыл ішінде салықтық жеңілдіктер қарастырылса, омарта шаруашылығы он емес, бес-алты-ақ жылдың ішінде гүлденіп шыға келер еді деген ойларын жеткізді. Бес омарташының жәрмеңкеге әкелген бес жүз килограмм балы әп-сәтте-ақ өтіп кетіпті.

Бал жәрмеңкесіне Шығыс Қазақстан омарташыларының өнімдерімен қатар, Шымкент пен Павлодар облыстарынан әкелінген бал өнімдері де қойылыпты. Жәрмеңкеге облыстың ара өсірмейтін төрт ауданынан басқа өңірдегі омарташылардың бәрінің бал өнімдері шығарылып, бір күнде барлығы 35 тонна бал сатылды.

Облыс әкімдігінде әрісі Израиль, берісі Ресейден бастап бірнеше елдің омарта шаруашылығымен айналысып, оның проблемаларын зерттеп жүрген ара өсірушілер ассоциациясы мен қоғамдарының, ғылыми зерттеу институттарының ғалымдары мен қызметкерлері, өңірдегі омарташылар, ауыл шаруашылығы саласының мамандары бас қосқан «Омарта шаруашылығының бүгінгі жағдайы мен оны дамытудың жолдары» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Израиль, Сауд Аравиясы, Германия, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей елдерінің, өз өңіріміздің омарта шаруашылығы саласының басы-қасында жүрген бірқауым мамандар пікір алмасып, іс-тәжірибелерін ортаға салған жиында облыс Әкімінің бірінші орынбасары Серік Әбденов Шығыс Қазақстанда бал өндірісі қайтадан жанданып, бүгінгі күні еліміз бойынша балдың 72 пайызы біздің облыста өндіріліп отырғанын, омарта шаруашылығын өркендетуге орай облыста қолға алынып жатқан іс-шараларды баяндай келе жылына 695 тонна бал өнімі алынып отырған біздің облыста келешекте оның көлемін 18 мың тоннаға дейін жеткізуге болатынын атап айтты. Ара өсірушілердің қатарын көбейтіп, шаруашылықты бұрынғы қалпына келтіру мақсатында Саратов ауыл шаруашылығы техникумында жабылып қалған омарташы мамандарын даярлайтын факультет қайтадан ашылды, осындай мамандар даярлайтын бөлім



облыстағы тағы бір кәсіптік техникалық лицейден ашылып отыр.

Облыс Әкімі Бердібек Сапарбаевтың тапсырмасымен үстіміздегі жылы бал арасының ұялары 15 мыңға көбейтіліп, 55 мыңнан асқан. Сонымен бірге ара тұқымын асылдандырып, балдың сапасын арттыруға аса мән беріліп, биыл сегіз ара шаруашылығы асыл тұқымды деген мәртебе алған. Қазір өңірде бір мың асыл тұқымды бал арасының ұясы бар екен. Еліміздің индустрияландыру картасы аясында өңірдің ауыл шаруашылығын өркендетудің бір бағыты – омарта шаруашылығы деп белгіленіп, былтырдан бастап осы салаға облыстық бюджеттен субсидия бөлінуде. Ал үстіміздегі жылдан бастап облыстағы мектеп оқушыларының ас мәзіріне бал өнімін кіргізуге жергілікті бюджеттен 75 миллион теңге бөлінген.

Қазақстандағы «Бал ара» ұлттық омарташылар одағының президенті Сергей Терещенко осыдан жиырма жыл бұрын бал өндіру көлемі жағынан Ресей, Украина мен Белоруссиядан кейін төртінші орында болған Қазақстанның Шығысында омарта шаруашылығы қарқынды дамығанын, мемлекет деңгейінде тиісті жағдай туғызылса, болжанып отырған бал өндіру мөлшерін одан бірнеше есеге арттыруға өңірдің әлеуеті әбден жететініне ерекше тоқталып өтті.

Одақ басшысы бал нарығын қалыптастырудың да өте күрделі проблема тудырып отырғанын айтты. Балға «бал» деп қарамайтындар көп. Оның қасиетін білмейтіндер де жетеді. Үгіт, насихат жұмыстарын жүргізу қажет. Бал өндірісі экономиканы өркендетуден бұрын, халықтың денсаулығын жақсартуға қажет шара болып отыр. Екіншіден балдың бағасы да тым қымбат. Сондықтан, шет елге шығарғанды қойып, біздің бал ішкі нарықта да аса жоғары сұранысқа ие бола алмай тұр. Оның үстіне бал өндірудің өзіндік құны да жоғары. Сондықтан, мәселе тағы да салаға мемлекеттік қолдау, көмек көрсетуге келіп тіреледі. Ол үшін құқықтық-нормативтік базаларды қайтадан қарастырып, заңдылықтарды толықтырып, өзгерістер енгізу қажет. Дөңгелек үстел басына жиналғандар бұл жәйттерге де кеңінен тоқталып, өз елдеріндегі іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Келесі жылы облыста бал өнімдерін ыдысқа салып шығаратын арнайы зауыт ашылмақ. Онда жылына екі мың тоннадан астам бал өндірілмек. Шетелдік қонақтар мен сала басшыларының, омарташылардың алдында шаруашылықтың қадау-қадау проблемаларын ортаға салған облыстық омарташылар ассоциациясының директоры Абзал Жұмағалиев айтқандай бал

өндірісін білікті мамандармен қамту оның сапалы болып өңделуіне айрықша септігін тигізбек. Халықаралық сапа стандарттарына сай балды ғана экспорттай аламыз. Ал халықаралық стандарттар шаруашылықтың ветеринарлық жағдайынан бастап, өнімді өңдеу технологиясына дейінгі дүниенің бәрін егжей-тегжей бақылауда болуын талап етеді.

Бал фестивалі аясында өткен дөңгелек үстелге қатысқан «Қазақстан тамақтану академиясы» ЖАҚ-ның директоры, академик Төрегелді Шарманов балдың дәріден де артық биологиялық белсенді қоспа екендігін, еліміздің бүгінгі денсаулық сақтау саласында балды пайдалану мемлекет болып қолға алып, көңіл бөлуді қажет ететін, емдік тамаша тағам екендігін дәйектейтін бірнеше деректер мен мысалдар келтірді. Ұзақ жасайтын жапондықтардың міндетті түрде пайдаланатын тағамдарының түріне айналған балды Шығыс Қазақстанда көбейте отырып, еліміздің барлық облыстарының тұрғындарына жететіндей деңгейге жеткізудің қажеттілігін қозғаған академик адам ағзасының бір жерін емдесе, екінші жеріне кері әсерін тигізетін дәрі-дәрмектің орнына балды қолдану қазақстандықтардың денсаулығын сақтаудағы бірден-бір басты еміміз, табиғи, таза, басты байлығымыз болуы тиіс екендігін ерекше атап өтті.

Басқосу соңында облыстың омарта шаруашылығы ассоциациясы мен шетелдік омарташылар қоғамы одақтары арасында омарта шаруашылығы мәселелерін бірлесіп шешіп, өзара қолдау көрсетуге бағытталған ынтымақтастық меморандумдарына қол қойылды.

Осы фестивальде Виталий Рузанов, Ерлан Аменов, Валерий Қасымбаев, Михайл Шулико, Серікхан Сарсенбин, Бақытбек Анапиев, Баймәди Тебісовтің омарта шаруашылықтарына «Асыл тұқымды омарта шаруашылығы» деген атақ беріліп, сертификат тапсырылды. Фестиваль аясында ұйымдастырылған жәрмеңкедегі «Ең жақсы бал» Күршім ауданының Маралды ауылдық округінің омарташысы Болат Нұғымановтың балы болып шықты. Катонқарағайлық Сәлімбаевтың балы – екінші, Валерий Қасымбаевтың балы үшінші орынға лайық деп бағаланды.

СУРЕТТЕРДЕ: бал фестивалінде.

Суреттерді түсірген Есімхан Орынбаев